

**Түркістан облысының білім беруді дамыту  
орталығы**

**«ТАРИХ-ГЕОГРАФИЯ  
САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ»**

*Әдістемелік нұсқаулық*

**Түркістан 2023**

ӘОЖ 373.5.016  
КБЖ 74.268.1 Қаз  
Т 93

Әдістемелік нұсқаулық. Түркістан облысының білім беруді дамыту орталығының сараптау кеңесінде баспаға ұсынылған, №1 хаттама 2023ж.

**Құрастырушылар:**

**Қамбарұлы Д.**–Түркістан облысы, Сауран ауданы, Әйтеке Би атындағы ЖОМ тарих пәні мұғалімі  
**Каликов А.**–Түркістан облысы, Сауран ауданы, Амангелді атындағы ЖББ мектебінің география пәні мұғалімі  
**Сердалиева С.**–Түркістан қаласы, Б.Момышұлы атындағы №22 ЖББ мектебінің тарих пәні мұғалімі

**Пікір айтушылар:**

**Усенбеков М.**– Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының әдіскері  
**Утеулиев С.**– Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығының әдіскері

**Т 93 «ТАРИХ-ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ» :**  
әдістемелік нұсқаулық /құраст.:Қамбарұлы.Каликов.Сердалиева С..– Түркістан: Түркістан облыстық білім беруді дамыту орталық, 2023 – 50б.

Оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдер енгізу мәселелері жан-жақты қамтылған.

**Түркістан облысы  
Білім беруді дамыту орталығы, 2023ж**

## **КІРІСПЕ**

XXI ғасыр ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жанаша білім беру жолында түбегейлі өзгешеліктер жүріп жатыр. Жан жақты тұлға, яғни дарынды, шығармашылық тұлға қалыптастыру білім мен тәрбие берудегі мемлекеттік істің ең маңыздысы. Мақсатты білім беру тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе.

Адамзат баласының өз ұрпағын оқыту тәрбиелеудегі ең озық тиімді ізденістерін, тәжірибелерін жалғастырып, тың жолдар іздеу педагогиканың озық үлгілерін жанашылдықпен дамыту жалғаса бермек.

Білімнің сапасын көтерудің қазіргі таңда жолдары көп. Ең бастысы білімді де білікті, ұшқыр ойлы шығармашылық қабілеті мол ұстаздың шәкіртімен бірлесе еңбек етуі талап етіледі.

Білім сапасы дегеніміз мектепте білім алып отырған шәкірттің немесе мектеп бітірушінің білім алу өзіндігінің сапасы мен білім беру қызметінің сапасын қамтитын түсінік.

Мұғалімнің басты ролі тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басты бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру.

Осыған орай, нәтижеге бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда жанаша көзқарасты, ал мұғалімдерден негізгі кәсіби құзырлықтарын дамытуды талап етеді.

Тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін сапалы білім берудің тиімді жолдарын таңдау, тарихи және мәдени мұралармен таныстыру, қосымша элементтерді пайдалану мен тарихи деректерді оқып үйренуге дағдыландыру, баяндама, рефераттар, хабарлама жасату, өз бетінше оқып білім алып, шығармашылықпен айналысуына жағдай жасау сияқты жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды, әдістер мен тәсілдер енгізу және т.б.

Осыған орай, біз яғни мұғалімдер қауымы орыстың ұлы педагогы К.Ушинскийдің «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады» деген сөзін әр уақытта естен шығармауымыз керек.

Түрлі әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, сапалы білім, саналы тәрбие беруде сабақтың тиімді түрлерін қолдану керек.

Көрнекті педагог А.С.Выготский баланы дамыту әрекеттері оқыту барысында іске асатынын дәлелдей келіп, бала дамуының екі түрлі ортасы болатыны жайында теория ұсынды. Бірінші ортасы айналасындағы үлкендердің әсері, қабілетінше еркін атқара алатын іс әрекеті болса, екінші ортасы сабақ үстіндегі әрекеті.

Ал біздің мақсатымыз баланың сабақ үстіндегі оқу әрекетін тиімді әрі қызықты етіп ұйымдастыру.

Креативті тұлғаны қалыптастырудың бір жолы сыни тұрғысынан ойлауды үйрету. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлау әдісін әр сабаққа пайдаланған дұрыс. Сабақта тарихи фактілерді білумен қатар, оқушының оған деген көзқарасын сұрау керек.

Оқушыны өз бетінше ойын еркін жеткізуге, талдауға, салыстыруға дағдыландыру білім сапасын көтеруге итермелейтін амалдың бір түрі. Егер оқушы пәнге шын ынтасымен қатынасып, өз біліміне баға беріп, сараптау жасай алса оның сапалы білім алуына мүмкіндігі жоғарылайды.

Сонымен қоса сабаққа енгізу керек ерекшеліктің бір түрі рефлексия кезеңі. Бұл әдістің тиімділігі әр оқушы сабақтағы іс әрекетіне талдау жасап, өзін өзі реттеуге мүмкіндігі болады. Әр сабаққа мақсат құрып, күтілетін нәтижені анықтап, олардың сабақ барысында не арқылы бағаланатынын көрсетіп отыру керек.

Осындай әдіс тәсілдерді қолдану бірден нәтиже бере қоймайтыны анық. Себебі әр өзгерістің сәтті және сәтсіз жақтары болуы мүмкін. Бірақ, кездескен қиындықтарды оқушылармен бірлесе отырып шешу арқылы көздеген мақсатқа жетуге болады деп ойлаймын.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екенін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы мамандар үшін ең маңызды мәселе болып отырғаны «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және де екіншісі – ол «мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?». Заманауи оқыту тәсілдері оқушының болашақта алған білімін қолдана алуына басты назар аудару, XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. Баланың бойына қалай оқу керектігін үйренуді қалыптастыруға мән бере отырып, оны тұлға ретінде дамытуға мұғалімнің бағыт

беруші ретінде алатын орны бәлек болып отыр. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – заман талабына сай өскелең ұрпақтың өмірге бейімділігі, халықаралық стандарт деңгейінде сапалы білім мен тәрбие алуының негізгі құралы.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» – деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әрбір мұғалімінің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Заман талабына сай оқыту технологиясының тиімдісін пайдалану оқу үрдісінде жетістікке жетудің бірден бір кепілі. Өткен ғасырдың 90 жылдарында бүкіл әлемдегі философтар мен психологтар, педагогтар озық тәжірибелерге сүйене отырып, сан түрлі оқыту технологияларын жасады.

Жаңа педагогикалық технологиялар - бұл білімнің басында мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамасымен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда іс-әрекет оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жана жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жанарып, жана көзқарас, жанаша қарым-қатынас пайда болуда.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің асты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жанару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқытушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жанартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жана педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Қоғамның мамандардың білімімен қатар біліктіліктеріне негізделген ғаламдық ақпараттық ортаға айналуы білім беру үдерісін ұйымдастыруға инновациялық тұрғыдан келу мәселесінің өзектілігін арттырды. Нәтижесінде қазіргі кезде білім беру жүйесіне барынша жоғары талаптар қойылады: ол ауқымды, қарқынды, жылдам өзгертін әлемде кәсіби қызметке даяр мамандарды дайындауы тиіс, мұнда адам алдында үнемі бейстандартты міндеттер туындайды, олардың шешімі өз қызметін құру және талдау машықтары мен дағдыларының болуын болжайды. Жоғары білім беру жүйесінде білікті маман дайындаудың инновациялық әдістері жетекші орын алады, олар болашақта қоғам дамуын

іске асыруды қалыптастыру мен қамтамасыз етуге тікелей қатысады. Қазіргі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі оқу әдістері мәселесі болып табылады, теориялық, сондай-ақ тікелей іс-тәжірибелік тұрғыда. Оқытушы белгілі білім беру мен талап етуге дағдыланған дәстүрлі әдістемелермен салыстырғанда оқытудың интербелсенді формаларын қолдануда оқушы білімге апарар жолды өзі ашады. Оқушы басты әрекет етуші тұлға болады. Аталған жүйеде оқушыға білім беру траекториясын құруға белсене қатысатын оқытушының алатын орны да маңызды. Оқытудың интербелсенді формалары білім беру бағдарламаларының сәтті іске асуына мүмкіндік береді. Оқытудың интербелсенді әдістері имитациялық және рөлдік ойындардан, пікірсайыстардан, үлгілеуші жағдайлардан құралады.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір оқытушы үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа оқытушы үшін өтілген материал тәрізді. Инновацияны «жаңашыл», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» деп қарауға болады. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру әрбір оқытушының интеллектуалдық, кәсіби, руханиадамгершілік, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына

кәмектеседі. Инновациялық - педагогикалық технологиялар шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Оқытуды екі түрлі мағынада қарауға болады. Біріншісі – оқу орнында арнайы пәндерді оқыту. Екіншісі - өмірді оқыту, өмірге үйрету. Тәрбиелеу мен оқыту – егіз ұғым. Оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз. Оқыту тәрбиеге қарағанда нақтылау. Оқыту үйрету арқылы іске асады. Бұл оқытудың маңызы. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілігін, т.б. айқындар толықтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың сараалап – дөңгейлеп оқыту технологиясы бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін кәздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың жана технологияларының негізгі түрлері анықталады.

Еліміздің барлық білім ұйымдарында білімнің жана жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың жана технологиялары қолданыла бастады. Сондықтан жанашылық керек, яғни, жаңаша жүйе негізінде оқу орны оқушылардың белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік -

сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, жаңаша тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді.

Білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу мен болашақ мамандардың негізгі кәсіби біліктіліктерін қалыптастырудың тиімді формаларына төмендегілер жатады жобалар құру, көпшілік алдына баяндама әзірлеу; кәсіби маңызды мәселелерді пікірсайыстық талқылау; серіктестікте оқыту; мәселелі жағдайлар құру; кәсіби бағытталған бейнефильмдер мен презентациялар және т. б. дайындау.

Қазіргі замандағы тарих пәнінің міндеті – ақыл-ой потенциалы жетілген, өткенді есте сақтай алатын адамды жасау ғана емес, өзінің ұлттық бастауын жақсы білетін, бұл дүниеде өзінің орнын таба алатын тұлғаны қалыптастыру. Кез келген ортада еркін пікір алмаса алатын, өз көзқарасын дәлелдеп, қорғай алатын белсенді азамат тәрбиелеу үшін оқыту үдерісінде жаңа тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы іске асыруға болады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Ұрпақ жарастығы миллион жылдарды қамтып келеді. «Надан жұрттың күні – қараң, келешегі тұман» - деп М.Дулатов айтқандай, тәуелсіз еліміздің тірегі – білімді ұрпақ емес пе. Сол білімді ұрпақты тәрбиелеу, оқыту ұстаздың басты парызы болып табылады.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму